

«Соттарды сырттай бағалау» мүмкіндігін жіберіп алмаңыз

Заңдарды мүлтіксіз сақтаған мемлекет қана өркен жайып, гүлдене бермек. Осы себепті де елімізде жүргізіліп жатқан реформада басты бағыттардың бірі - заң үстемдігіне басымдылық беріліп отыр.

Осы тұрғыда «100 нақты қадам» - Ұлт Жоспары реформасында сот жүйесіне баса назар аударылған. Бұл мемлекеттің одан әрі дамуындағы соттардың ерекше рөлін көрсетеді. Қазіргі уақытта сот төрелігін тиімділік деңгейі экономикалық, әлеуметтік, құқықтық және өзге де салаларын табысты жаңғыруын айқындаушы фактор болып табылады. Бұл бәсекеге қабілетті ұлтты дамыту үшін қажетті шарт. Бүгінде Жоғарғы Сотқа жүктелген екінші институционалды реформаның барлық 11 қадамы заңнамалық тұрғыдан іске асырылды. Бұл жаңашылдықтардың барлығы отандық сот жүйесін неғұрлым жаңғырта түсті.

Жаңаша сот жүйесін қалыптастырудағы басты шарттардың бірі соттың ашықтығы, қолжетімділігі және де, ең бастысы - халықтың сотқа деген сенімін арттыру. Бұл жайт сот жүйесінің тиімділік бағасының негізгі белгісі.

Осыған орай, сәуір айынан бастап Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сот интернет-ресурсында «Соттарды сырттай бағалау» жаңа сервисі өз жұмысын бастады. Аталған сервисітегі сауалнаманы толтыру үшін «Сот кабинетіне» тіркелген кез келген қатысушыға жалпы деректерді толтырады, яғни облыс атауын, соттың атауын, істі қараған судьяның аты-жөнін және процессте ол кім болып қатысқанын көрсетіп, сауалнаманың екінші бөлігіндегі негізгі 10 сұраққа жауап беруге өтеді. Бұл іс-шара судьяның, прокурордың, адвокаттың жұмысын саралауға арналған бірегей жүйе. Еліміздің сот жүйесіне тиесілі интернет сауалнаманың мақсаты судьяның кәсіби қызметін бағалау, яғни оның кәсіби білімінің деңгейін және оны сот төрелігін іске асыру кезінде қолдана білуін, сот қызметінің нәтижелерін, судьяның іскерлік пен адамгершілік қасиеттерін және оның осы Конституциялық заңда және Судья әдеби кодексінде қойылатын талаптарға сай келуін бағалау болып табылады.

Сауалнамаға еліміздің барлық өңірлерінен сот талқылауларына қатысушылар ғана респондент ретінде қатыса алады. Нақты айтқанда, сауалнамаға талап қоюшылар, өтініш берушілер, жауапкерлер, адвокаттар, прокурорлар, мемлекеттік органдардың өкілдері, сондай-ақ, аталған сервиске тіркелген өзге де тұлғалар қатысады. Себебі, сот отырысына қатысып көрмеген азаматтардың сот туралы естіген-білген жағымсыз пікіріне орай сараптама жасағаннан, сот ісімен тікелей байланыста жүрген, жүйенің артық-кемін тәжірибеден көріп жүрген адамдардың пікіріне сүйене отырып даму жолын межелеген жөн.

Бұл бастама әр судья жұмысын бағалауға мүмкіндік алған тараптардың сотқа деген сенімін арттыруға ықпал етеді деп сенеміз.

Азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерінің қорғалу деңгейін анықтау мақсатында іске қосылған бұл жүйе ағымдағы жылдың 1-шілдесіне дейін пилоттық болып, одан әрі – тұрақты негізде жүргізілмекші. «Сырттай бағалау» сервисін белсенді түрде насихаттай отырып, облыс соттарында сот процесстеріне қатысып жүрген тұрғындарды сот пен судьяның жұмысын бағалауға шақырамыз.

**Асхат ДҮЙСЕНБАЕВ,
Қостанай облыстық сотының
кеңсе меңгерушісі**



Арқалық қ. ІІБ ЖПҚ қызметкерлері «Игі істер күні» акциясы аясында «Ана үйі» дағдарыс орталығындағы аналарға көмек көрсетті.

Арқалық қаласындағы аналар балаларымен қиын жағдайға тап болғанда, қамқорлық пен қолдау көрсететін, сондай-ақ әлеуметтік және

Жан жылуын сезінсе екен...

құқықтық жағынан көмек көрсететін «Ана үйі» дағдарыс орталығы әлеуметтік жобасы балалардың отбасын сақтауға және жетім балалардың санын азайтуға бағытталған.

Арқалық қаласы ІІБ Жергілікті полиция қызметінің Әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау тобының қызметкерлері аталған орталықтағы аналарға жиі барып, қолдан келген көмектерін көрсетіп отырады.

Аталған «Аналар үйінде» тұрып жатқан азаматшалардың бұған дейін жеке куәліктерінің болмауына байланысты, сәбилерінің құжаттары да ретке келтірілмеген. Ал, қажетті құжаттарды ретке келтірмейінше жас аналар сәбилеріне мемлекеттік жәрдемақыны ала алмайды.

Ағымдағы жылдың 24 мамыры күні «Игі істер күні» акциясының аясында Арқалық қаласы ІІБ ЖПҚ ӨЗЗҚТ аға инспекторы полиция

капитаны Байдосова Еркегүл Теміржан қызының ұйымдастыруы мен Арқалық қалалық Әділет басқармасының бас маманы, Арқалық қаласы әкімі аппараты АХАТ бөлімінің басшысы, Арқалық қаласы ІІБ Көші-қон полициясы тобы қызметкерлері аталған Аналар үйіне әдейі барып, сонда тұрып жатқан жас аналарға құжат дайындау мәселесіне байланысты құқықтық кеңестер беріп, осылайша тағы бір көмектерін көрсетті. Ішкі істер органдарының тарапынан жасалған бұндай іс-шара жақындарынан көмек көрмей, жан жылуын сезінбеген жас аналарға үлкен күш беретіні сөзсіз.

**Гаухар ХАЙРУЛЛИНА,
Қостанай облысы ІІД ЖПҚ Әйелдерді
зорлық-зомбылықтан қорғау тобының аға
инспекторы полиция капитаны**

Жоспарлы кездесуде жан-жақты әңгімеленді

Қостанайда магистратура төмамдаған судьялар судьялық лауазымға кандидаттармен өз тәжірибесімен бөлісті.

Қостанай облыстық сотында судьялық лауазымға үміткерлері мен сот жүйесі мамандарының облыс судьяларымен жоспарланған кездесуі өтті. Модератор облыстық сот судьясы, судьялыққа үміткер-тәлімгерлер жетекшісі Ғалия Ержанова болды.

Ғалия Ғалиханқызы үміткерлерді бүгінде қызмет істеп жүрген судьяларға және судьялыққа кандидаттарға қойылатын талаптардың айтарлықтай артқандығы туралы атап өтті. Ол судья болудың екі жолын атап көрсетті. Ол – ҚР Жоғарғы Соты жанындағы Сот төрелігі академиясына оқуға түсу және судьялық лауазымға біліктілік емтиханын тапсыру. Судья атанудың әр жолы саты-саты бойынша талқыланып,

академия бітірген судьялар өз тәжірибелерімен бөлісті.

Қостанай қалалық №2 сотының судьясы Арман Қабенов, Қостанай қалалық сотының судьясы Айнаш Бозжігітова және Қостанай облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы Жаннара Тлеубаева өз тәжірибелері туралы әңгімеледі.

Олар бүгінде осыдан бірнеше жыл бұрынғыға қарағанда магистратураға түсу айтарлықтай жеңіл екендігін атап өтті. Мемлекет тарапынан судья болам деушілерге бар жағдай жасалып отыр, ал сот жүйесінің қызметкерлеріне артықшылық танытылады. Үш жылдық жұмыс өтілі бар сот отырысының хатшысы екі жыл академияда оқыған соң заң саласында он жылдан астам өтілі бар және сот жүйесінде 5 жылдан артық жұмыс істеген өзге судьялық лауазымға үміткерлермен тең дәрежеде конкурста қатыса алады.

Және де оқу мерзімінде оның жұмыс орны мен еңбек ақысы сақталады. Тәлімгер тағылымдамадан өту кезеңінде судья жалақысының 70 пайызы мөлшерінде төлем алып отырады.

Кездесу барысында кандидаттар үшін тиісті жағдайлар жасалғандығы, тек мақсатқа берік болып, өз білімін шыңдау керектігі айтылды. Өзге салада жұмыс істеп, кейін судья атанған заңгерлерден гөрі, сот жүйесінің жұмысын іштен жақсы білетін және судья болуға талпынатын сала қызметкерлері үшін кейін жұмыс істеу айтарлықтай жеңіл. Себебі, жылдар бойы сот отырысында жинақталған жұмыс тәжірибесі өз пайдасын көрсетеді.

Облыстық сот судьясы Ғалия Ержанова, егер кандидат кәсіби және шығармашылық әлеуетке, ізгіліктілік, аяушылық, білімге ынталы, өмір бойына жаңалыққа жаны құмар адам болса, ол судья бола алатындығын атап өтті.

Кандидаттарға заңды білуден

басқа, алға қойған мақсатқа жетуге деген сенімділік судья болуға алғышарт екендігі айтылды. Судья А. Қабенов төрт мәрте қатарынан Сот төрелігі академиясына оқуға түсе алмаған бір азамат соңында өз мақсатына жетіп, оқуды төмамдап, бүгінде судья болып еңбек етіп жүргенін мысалға алды.

Заңнамаларды білуге қатысты тестілеуден өту кезінде, тапсырмаларды шешуде, психологиялық тест тапсыруда кандидаттардың басым тұстары мен кемшіліктері анықталады. Осылайша, барынша іріктеуден өтіп, нағыз лайықты үміткерлер судья атанады.

Кездесу соңында судьялыққа кандидаттар мен сот мамандары судьяларға сауалдарын қойды. Іс-шараға қатысушылар пайдалы кездесу үшін алғыстарын білдірді.

**Қостанай
облыстық сотының
баспасөз қызметі**

ЖИТС/АИТВ- індет, білу міндет!

ЖИТС/АИТВ-тың қазіргі таңдағы адамзаттың басты проблемасы екенін, оның зиянды жақтарын түсіндіру, ғасыр дертіне айналып отырған кеселдің залалын жан-жақты меңгерту, зиянды өдеттен барынша аулақ болуға шақыру мақсатында 2017 жылдың 16 мамыр күні 202 және 208- оқу тобында кураторлық сағаты өтті.

Осы тәрбие сағатына Қостанай облыстық ЖИСТ алдын алу және онымен күресу жөніндегі орталығының эпидемиолог-дәрігері Лебедева Анастасия Алексеевнаны шақырған болатынбыз.

Өзінің дәрісінде ЖИТС вирусының шығу тарихы, таралу жолдары, аурудың белгілері және алдына алу шаралары туралы айтып, мысалдар келтіре отырып, қазіргі таңда Қостанай облысы бойынша ЖИТС/АИТВ ауруына шалдыққан адамдар санының статистикасымен таныстырды.

«Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде!» демекші, адамға денсаулық бір-ақ рет беріледі, ал сіздердің денсаулығыңыз өздеріңіздің



қолдарыңызда, – деп өзінің дәрісін жалғастыра келе эпидемиолог-дәрігер курсанттармен тақырып аясында тренинг жаттығуын өткізді.

Дәріс барысында курсанттар өз сұрақтарын қойып, сонымен қатар өз ойлары мен пікірлерін білдірді.

Кураторлық сағаттың қонағы курсанттарға: әр адамның мәнді де, сәнді өмір сүру үшін денсаулықтың әсері өте зор екендігін, сондықтан да өмірдегі ең жарқын жастық шақтарындағы деніңіздің саулығына бүгіннен бастап қамқор болыңыздар – деген тілекпен өз дәрісін аяқтады.

**Ж. САБЫРБЕКОВ,
ҚР ІІМ Қостанай академиясының 202-топ
кураторы полиция аға лейтенанты,
Н. ТҰРСЫМБАЕВА,
208-топ кураторы полиция аға лейтенанты**

Байқаңыздар, қаржы пирамидасы!

Қазіргі уақытта ірі дивидендтерді уәде етіп халықтың қаржы қаражатына бағдарланған жаппай тарту (қаржылық пирамидалар) компаниялары жандана бастаған.

Қаржылық пирамида — бұл инвестициялық алаяқтық схемасы, табысына жаңа инвесторларды тарту есебінен түскен ақша қаражаты құрылады. Ықтимал инвесторларды жоғары табыс алу уәде етіп ақшаларын салуға ниеттендіреді. Қаржы пирамидаларының қаупі неде? Ерте ме, кеш пе қаржылық пирамидалар банкротталады. Бұл жаңа клиенттерден түскен ақша ескі клиенттердің пайызын төлеуге жеткіліксіз кезде тоқтатылады.

Алаяқтық сызбалар, елімізден елеулі көлемде капиталды шығаруға ықпал етеді. Халықтың төмен қаржылық сауаттылығын пайдалана отырып, кейбір компаниялар Қазақстан халқын өздерінің құрған «қаржылық пирамидаларына» тарту бойынша белсенді жұмыс жүргізуде.

Осы ұйымдарға тиесілі жарнамалық компаниялар инновациялық және халыққа бейтаныс IT өнімдері, электрондық ақша (криптовалюта) сияқты түрлі шетелдік

компанияларды инвестициялауды ұсына отырып азаматтардың ақшалай қаражатын тартады.

Мысалы, шетелдік компаниялар өз қызметінің негізгі түрі деп Еуроодақтың қаржы нарығында 7-9 ай ішінде табыстылығы 300-500% аса инвестициялауды мәлімдейді.

Компания менеджерлері жарнамалау кезінде көбінесе бас кеңсесі шетелде орналасқан және мұнай немесе алтын сатумен айналысады деп түсіндіреді. Алайда, мұндай салымшылар ақшалай қаражаттарын бағалы қағаздарды немесе арнайы валюта сатып алуын растайтын ешқандай құжаттарды алмайды.

Ақшаның бір бөлігі агрессивті жарнама және әр түрлі PR-акциялар жүргізу арқылы тартылатын халықты алдап сеніміне ие болып, сондай-ақ сенім білдірілген тұлғаларды пайдалана отырып, жаңадан келген салымшыларына арналған төлемдерін жабуға барады.

Бұндай компаниялардың жұмыстарын тоқтатуы қашанда аяқ астынан болады, сіз оны болжауға және өзіңіздің ақшаларыңызды қайтарып алуға үлгермейсіз. Қаржылық пирамида сіз оған өзіңіздің ақшаңызды алып келген күннен

кейін келесі күні ойсырап қалуы мүмкін. Мүмкін бір жыл немесе одан артық тұруы мүмкін, сол кезде мүмкін сіз тіпті кіріс табасыз, бірақ соңында әрқашан белгілісі — банкроттық. Бірақ, тіпті егер сіз мұндай ұйымнан пайда көрсеңіз де, тек қана сізден кейін келген адамдардың жоғалтқан ақшаларының есебінен

Сонымен қатар, қаржы пирамидаларын құру және ұйымдастыру үшін Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 217-бабы бойынша қылмыстық жауапкершілік және 12 жылға дейін бас бостандығынан айыру және мүлкін тәркілеу жазасы көзделгені туралы біз ескерткіміз келеді.

Қостанай облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті тұрғындарды қысқа мерзімде үстеме пайда уәде ететін күмәнді компанияларға инвестициялаудан тартындан бас тартуды және сақ болуларын сұрайды.

«Қаржы пирамидаларының» қызметі туралы ақпарат болған жағдайда, кезекші бөлімінің 53-65-80 телефоны бойынша хабарлауды сұраймыз.

Мемлекеттік кірістер департаменттің баспасөз қызметі

Ережелерді түсіндіріп, құқық бұзушылықтарды анықтады

ҚР ІІМ Көліктегі ІІД-нің «Заңсыз келуші-2017» жедел-профилактикалық іс- шарасы туралы бұйрығын орындау мақсатында жұмыс жүргізілді.

Нақтырақ айтқанда, 2017 жылғы мамыр айының 22-24 аралығында Қостанай станциясындағы теміржол вокзалындағы және Қостанай қаласы әуежайындағы билет кассирлері Қостанай ст. ІІЖБ көші-қон қызметі тобының инспекторы полиция аға лейтенанты Ә.Е. Сатубалдинаның, «Нұр Отан» партиясының өкілімен қатысуымен Қазақстан Республикасында шетелдік азаматтарының және азаматтығы жоқ тұлғалардың болуы туралы ережелерін түсіндірді. Сондай-ақ, көші-қон қызметі тобының қызметкерлері екі құқық бұзушылықты анықтады, оларға Ресей Федерациясының азаматы ҚР ӨҚБТК-нің 517-бабы 1-бөлігі бойынша «Ескерту» шығарылды, ал Тәжікстан Республикасының азаматтарына ҚР ӨҚБТК-нің 517-бабы 2- бөлігі бойынша Қостанай қаласының Мамандандырылған әкімшілік сотымен 1 тәулікке қамауға алу шарасы қабылданды.

Қостанай ст. ІІЖБ КҚҚТ

Бейімдеу орталығының пайдасы көп

Қарағанды қаласында түрмеден шыққан азаматтарды бейімдеу орталығы ашылды. Аталған бастама Қазақстанда алғаш рет қолға алынып отыр, деп хабарлайды ҚазАқпарат тілшісі.

Қарағанды облысы әкімінің орынбасары Жандос Әбішевтің айтуынша, орталық ашылғалы бері мамандардың көмегіне 60 адам жүгінді. Алдағы уақытта осы бастаманың тиімділігін ескере отырып, тағы екі бөлімшені ашу жоспарланып отыр. Бұдан бөлек, арнайы жобаның аясында заңгерлік көмек қана емес, қаржылай қолдау да жасалады. Ол үшін жергілікті бюджеттен 22 миллион теңге бөлінді.

«Өткен жылы түрмеден шыққан 132 адам орта білім туралы аттестат алды, тағы 81 азаматқа негізгі білімі бар деген куәлік берілді. Алты түзеу мекемесінде кәсіби білім беру топтары жасақталды. Ол жерде 222 адам білім алып жатыр. Бизнесмендер де ондай адамдарға жұмысқа тұру үшін квота бөліп отыр. Осы уақытқа дейін 200 адам жұмысқа тұрды. Ал бизнеспен айналысамын деушілер өз кәсібін ашу үшін несие ала алады. Мәселен, Осакаровка ауданының бір тұрғыны мал шаруашылығымен айналысамын деп, 3 миллион теңге көлемінде несие алды», - дейді Әбішев.

ҚазАқпарат

Пара алған Халық банкінің қызметкері ұсталды

Атырау облысында ірі көлемде кредит алуға көмектескені үшін заңсыз сыйақы алған Халық банкінің қызметкері қолға түсті, деп хабарлайды ҚазАқпарат.

«Атырау облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Экономикалық тергеу қызметі «Қазақстан Халық банкі» АҚ Атырау филиалы Индер аудандық басқармасының бастығы Мұхтарова Р.Ш. 5 млн. теңгеден жоғары несие беру мәселесін оңтайлы шешкені үшін жүйелі түрде 260 000 теңге заңсыз сыйақы алып келгенін анықтады», делінген ведомство хабарламасында.

Аталған қылмыстық құқық бұзушылық дерегі ҚР ҚК-ның «Параға коммерциялық сатып алу» 253-бабының 5-тармағы 2-бөлімімен СДТБТ-ға тіркелді. Бүгінгі күні сотқа дейінгі тексеру жұмыстары жүргізілуде. Қылмыстық Кодекстің аталған бабының санкциясы бойынша мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан үш жылға дейінгі мерзімге айыра отырып, жеті жылдан он екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы көзделген. Өзге ақпарат тергеу мүддесі үшін жарияланбайды.

inform.kz

Адвокаттар ақысыз қызмет етеді

ҚР Өділет министрі Марат Бекетаев адвокаттардың жылына белгілі бір сағаттар көлемінде халыққа тегін қызмет көрсетуіне міндетті болатын жүйені енгізу ұсынысын жасады, деп хабарлайды ҚазАқпарат.

«Өлемдік тәжірибеге сүйенсек, Қазақстанда

адвокатура институтын дамыту үшін «Probono» жүйесін енгізу қажет. Ал оны енгізу үшін адвокаттарды азаматтарға заңгерлік көмекті жылына тиісті сағаттар көлемінде бюджеттік өтеусіз көрсетуге міндеттеу қажет. Сонымен қатар қорғаушы тоқсан сайын алқаға аталған көмекті көрсету бойынша есебін таныстыруы тиіс», —

деді министр Мәжілістегі Үкімет сағатында.

Оның атап өтуінше, «Probono» жүйесі халықтың әлеуметтік әлсіз тобына ақысыз заңгерлік көмекті қамтамасыз ету қадамын ескереді. «Азаматтардың заңгерді таңдау кезінде бұл жүйе ең маңызды өлшем болып табылады. «Probono» аясындағы сапалы

жұмыс заңгерге сенімді арттырады және ол үшін табыстылықтың салмақты нышаны болып табылады», — дейді Бекетаев. Бұдан бұрын хабарланғандай, министр Қазақстанда қорғаушылар жетіспейтіндігін және олардың қызметі құны азаматтар үшін тым қымбат екенін айтқан болатын.

Жол үстіндегі қабылдау

Әулікөл ауданы Ішкі істер бөлімі жергілікті полиция қызметінің қызметкерлері халықтың өздеріне деген сенімін арттырып, жұмыстарын жетілдіре түсу үшін «Нұр Отан» партиясы аудандық филиалының өкілдерімен бірге «Жол үстіндегі қабылдау» акциясын ұйымдастырды.

Жұртшылық көп жиналатын жерлерде өткен шарада жол қауіпсіздігі мен ережелері, жүргізушілердің құқықтары мен міндеттері, құқық саласындағы тың тәсілдердің бәрі қамтылды.

Діттеген жеріне жеткен Әулікөл ауданы ІІБ ЖПҚ қызметкерлері жол бойында тұрғындарды толғандырған сауалдарға жауап берді. Арнайы жабдықталған автобуска қызығушылық танытып тоқтаған көлік жүргізушілерінің негізгі сұрағы қауіпсіздік белдіктері мен 12 жасқа дейінгі балаларға арналған



автокресло төңірегінде өрбиді. Әлі күнге «ыстық-суығы» басылмаған бұл мәселеге қатысты жүргізушілердің пікірі әртүрлі екенін байқадық. Жол полициялары жаңа ереже ең алдымен жолаушылардың, әсіресе, кішкентай балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуді көздейтінін түсіндірді.

Акция барысында жол полицияларының заңды қаншалықты сақтайтыны жөнінде тұрғындарарасында сауалдама жүргізілді.

Әулікөл ауданы Ішкі істер бөлімі Жергілікті полиция қызметі басшысының орынбасары полиция аға лейтенанты

Жандос Сағынаевтың айтуынша, мұндай акция жыл сайын өткізіледі. Себебі, «Жол үстіндегі қабылдау» барысында жол-патруль полицияларының жұмысындағы кемшіні тұстар айқындалып, оны түзетудің мүмкіндіктері арта түседі.

Одан басқа жергілікті полиция қызметкерлері аудан мектептерінде, көшелерде және аудандық емхананың перзентханасында болып «Балалардың жол үстіндегі қауіпсіздігі» акциясы аясында кездесулер өткізді. Іс-шара барысында ата-аналар мен балаларға, жүргізушілерге жол қауіпсіздігі түсіндіріліп, балаларды арнайы автокреслода тасымалдаудың маңызы туралы ақпарат жеткізілді.

Әйгерім БАЙҚАСОВА, Әулікөл ауданы ІІБ МТДЖАт жетекші маманы



Бетті жүргізуші Мейраш ЖҮНІСБЕКОВ, e-mail: meyrash@mail.ru